

Сабақтың тақырыбы:

Түбірлес сөздер.262-264 жаттығу.



# **Сабақтың мақсаты:**

Түбір мен қосымша туралы ұғымдарын кеңейту.

**Білімділік:** Сөздерді сөз құрамына талдай отырып, түбірлес сөздерді таба білуге, оларды сауатты әрі көркем жазуға үйрету.

**Дамытушылық :** Ойлау, есте сақтау қаблеттерін, тілін дамыту.

**Тәрбиелік :** Эстетикалық талғамын жетілдіре отырып, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру.



# Сабақтың барысы:

- Психологиялық дайындық
- Үй тапсырмасын тексеру, пысықтау
- Жаңа білімді меңгерту
- Оқулықпен жұмыс
- Топпен жұмыс жүргізу
- Сөз жұмбақ
- “Астанаға саяхат” ойыны
- Деңгейлік тапсырмалар
- Жаңа сабақты қорыту, бекіту.



# Психологиялық дайындық:

Әрбір адам – туысым, досым, жұрағат.

Әрбір сабақ – үйрену, ұғу, ұлағат.

Әрбір ісім – тірлік, тірек, адамдық.

Әрбір сөзім – шындық, бірлік, адалдық.

# Қайталау –сөз анасы.

*/Үй тапсырмасын сұрау /*



# Жаңа білімді меңгерту


Түбір сөз	қосымша		Туынды сөз
	Жұрнақ	жалғау	
Өн	ім		Өнім
Өн	діріс		Өндіріс
Өн	іс		Өніс
Өн	гіш		Өнгіш

# Оқулықпен жұмыс 262-жаттығу




# Топпен жұмыс


**I топ. Қызмет**



**II топ. Бас**



**III топ. Жұмыс**







# Тапсырма.

**I топ.** *Сөздердің түбірін тап.*

**II топ.** *Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндір.*

**III топ.** *Сөйлем құрастыр.*

# 263-жаттығу.



# Деңгейлік тапсырмалар.


**I топ.** Шаңғышы, шаңғымен сөздерін сөз құрамына талда. Сөйлем құрастыр.

**II топ.** Өлең құрастыр.


..... бала әрқашан  
Қуантады .....  
Балақай деп анасы,  
..... баласын.

**III топ.** Өлеңдегі түбірлес сөздерді тауып, мағынасын түсіндір.

# Сөз жұмбақ



1. Заттың атын білдіретін сөзді қалай атаймыз?
2. Қанша? Неше? Нешінші? Қай сөз табының сұрағы.
3. “Ойнады” деген сөзге қай сөз табының сұрағы қойылады?
4. Оқу дағдыларыңды дұрыс қалыптастырып, сөздік қорын молайтатын қай оқулық?
5. Ең ғазиз жан.
6. Ең нәзік, сүйкімді, айтқаныңды тыңдайтын кім?



Бәйтерек

Астана

Қарағанды



Балхаш

Тараз

Шымкент

Сарыағаш

Жетісай



# “Астанаға саяхат” ойыны

1. Жетісай қаласы. Мәтін дегеніміз не?
2. Сарыағаш қаласы. Сөйлем мүшелері дегеніміз не?
3. Шымкент қаласы. Бастауыш дегеніміз не?
4. Тараз қаласы. Баяндауыш дегеніміз не?
5. Балхаш қаласы. Жалаң және жайылма сөйлем дегеніміз не?
6. Қарағанды қаласы. Қаратпа сөз дегеніміз не?
7. Астана қаласы. Түбір сөз және туынды сөз дегеніміз не?

# Үйге тапсырма. 264-жаттығу.

